КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 22 тамыз Іс №7119-25-00-2/8956 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Akzhol.kz» (Жандаралова Жадыра Алдабергеновна) дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Akzhol.kz» (Жандаралова Жадыра Алдабергеновна) дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Akzhol.kz» (Жандаралова Жадыра Алдабергеновна) дара кәсіпкерінен «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 11 263,60 (он бір мың екі жүз алпыс үш) теңге 60 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 337,91 (үш жүз отыз жеті) теңге 91 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж сомасын өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 22.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 01.10.2025, судья Баткалова Г. М., 03.10.2025

7119-25-3-1/8924